

"120 пәтерлі тұрғын үй" объектісінің жылумен жабдықтау желілерін республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1374 Қаулысы

"Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Астана қаласы әкімінің»"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Құрылыс және әскерлерді пәтерлерге орналастыру бас басқармасы" мемлекеттік мекемесінің теңгерімінен осы қаулыға қосымшаға сәйкес Астана қаласы, Мақтымқұлы көшесі, 19/1, 19/2 мекен-жайында орналасқан»"120 пәтерлі тұрғын үй" объектісінің жылумен жабдықтау желілерін республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға қосымшада көрсетілген мүлікті қабылдап алу-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Ү к і м е т і н і ң

2007 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1374 қаулысына

қосымша

Республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілетін»"120 пәтерлі тұрғын үй" объектісінің жылумен жабдықтау желілерінің тізбесі

Р / с N	Атауы	Құбырлар-дың, диаметрі, мм	Ұзындығы, метр	Төсем түрі	Теңгерімдік құны, теңге
1	Жылу трассасы	325	150	ж е р асты	27535813,3
2	Жылу трассасы	108	19	ж е р асты	782267,4

3	Жылу трассасы	89	29	ж е р асты	1095174,4
4	Жылу трассасы	76	23	ж е р асты	625814,0
5	Жылу трассасы	89	50	жертө- лелік	938720,9
6	Жылу трассасы	76	23	жертө- лелік	312907,0
	Жиыны:				31290697,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК